

*Жеңіс жалпы білім беретін мектеп  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.*

**2023-2024 оқу  
жылындағы атқарылған жұмыстары бойынша  
педагог-психологтарының жылдық есебі**

2024 ЖЫЛ

**Жұмыстың мақсаты:** Мектеп оқушылары арасында тұлғалық және әлеуметтік дағдыларды зерттеу, оқушылардың эмоциялық сферасын, ашушаңдығын, жеке басына, қоршаған ортаға көзқарасын, психикалық саулығын зерттеу.

**Жұмыстың міндеті:** Мектеп оқушылары арасында агрессивті мінез-құлық әрекетінің алдын-алу, стресті жеңу. Баланы қоршаған ортамен бірге үйлесімді дамуына жағдай жасау, жалпы өмірге көзқарасын позитивтендіру. Өз өмірін сақтауға, мақсатқа жетуге ұмтылысын қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылында Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде педагог мұғалімдер саны :74, оқушылар саны: 645. 8-оқушы ерекше оқытуды қажет ететін үйде оқытылатын оқушылар. Оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын, дамыту жұмыстары жүргізілді.

| № | Мектебі   | Аты -жөні       | Бітірген оқу орны          | санаты   | Еңбек өтілі | Шығармашылық тақырыбы                                        | Күрстан өткен тақырыбы, уақыты.                                                            |
|---|-----------|-----------------|----------------------------|----------|-------------|--------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Жеңіс ЖОМ | Мамадалиева О.Т | М. Сабарбаев атындағы ОҚГИ | II санат | 14 жыл      | Арт терапия арқылы девиантты мінез – құлық оқушылармен жұмыс | 1. «Когнитивті мінез-құлық психотерапиясының негіздері» 24 академиялық сағат. 20.12.2024 ж |

**Психологиялық диагностика бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар есебі**

**Қыркүйек айында** 1-сыныпты мектепке психологиялық дайындығын анықтау Керн - Йерасек тесті алынды. 1- сыныпқа қабылданған оқушы саны -73. Оқушылардың мектепке дайындығы орта деңгейде екені анықталды.

Добавлено примечание ([L1]):

| Таным процестері | 1 <sup>а,ә</sup> -сынып<br>36 оқушы | %     | 1 <sup>б,в</sup> -сынып<br>37-оқушы | %     |
|------------------|-------------------------------------|-------|-------------------------------------|-------|
| Өте жақсы        | 5                                   | 29,4% | 6                                   | 23,5% |
| Жақсы            | 8                                   | 35%   | 11                                  | 35%   |
| Орта             | 18                                  | 23,5% | 19                                  | 35%   |
| Ортадан төмен    | 4                                   | 5,8%  | 1                                   | 5,8%  |
| Өте төмен        | 1                                   | 5,8%  | 0                                   | 0%    |

Бестерек жобасы аясында «Кабинеттік талдау» жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік педагогтың, мектеп инспекторының, медбикенің және сыныпжетекшінің тізіміндегі оқушыларға талдау жұмыстары жүргізілді.

| Сыныбы | Оқушы саны | Әлеуметтік педагог | Мектеп инспекторы | Медбике | Сынып жетекші |
|--------|------------|--------------------|-------------------|---------|---------------|
| 5-11   | 370        | 85                 | -                 | 23      | 4             |

«Бес терек жоба аясында 5 – 11 сынып аралығында оқушылармен эссе алынды Эссенің тақырыптары:5-7-«Менің отбасым», 8 – 9 - «Менің еңжақын досым» , 10 - 11 - «Менің арманым».

| Барлық оқушылар саны (5-11) сынып | Қатысқан оқу-лар саны | позитивтік |     | нейтралдық |     | негативтік |    |
|-----------------------------------|-----------------------|------------|-----|------------|-----|------------|----|
|                                   |                       | саны       | %   | саны       | %   | саны       | %  |
| 370                               | 362                   | 190        | 52% | 166        | 47% | 2          | 3% |

«Бес терек» жоба аясында 5 – 11 сынып аралығында оқушылардан сауалнама алынды:

| Барлық оқушылар саны 5-11 сын | Қатысқан оқу-лар саны | Психологтің көмегін алған |     | Психологтің көмегі қажет |    | Сыныпта досы бар |     | Уайымы бар |    | Уайымы жоқ |     |
|-------------------------------|-----------------------|---------------------------|-----|--------------------------|----|------------------|-----|------------|----|------------|-----|
| 370                           | 362                   | 48                        | 11% | 16                       | 5% | 357              | 98% | 17         | 4% | 345        | 97% |

5 -11 сыныптар аралығында оқушылардың психологиялық ахуалын анықтау бойынша «Үй. Ағаш. Адам.» әдістемесі жүргізілді. Жүргізілген әдістеме бойынша 5- 11 сыныптан оқушы қатысты, оның ішінде 43 оқушыға назар аудару қажет етілетіні анықталды. Кабинеттік және далалық зерттеу жұмыстарын жинақтай келе мектеп бойынша жұмыстарын жинақтай келе мектепбойынша 75 тәуекел оқушы анықталды.

| 5-11 сынып оқушы саны | Тәуекел топ | Жасыл деңгей | Сары деңгей | Қызыл деңгей |
|-----------------------|-------------|--------------|-------------|--------------|
| 370                   | 106         | 93           | 13          | 0            |

Оқу жылының басынан **Сенім жәшігімен** атқарылатын жұмыстарға жоспар жасалынып, бұйрық бойынша жауапты мамандар бекітіліп, өз уақытында сенім жәшігіне түскен өтініштер мен хаттар , оның ішіндегі мәселелер мектеп әкімшілігімен және психологиялық кеңестер арқылы қаралып отырды. .

Биылғы оқу жылында мектеп әкімшілігімен бірлескен жоспарында 25 қарашадан 10 желтоқсан аралығында өтетін **«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн»** халықаралық акциясы ұйымдастырылып, жоспарланған түрде тақырыпқа байланысты әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

Мектебіміздің ата-аналарынан , 11 сынып оқушыларынан және сынып жетекшілерден сұраныс бойынша жеке психологиялық көмек , кеңестер жүргізіліп отырды.

Биылғы оқу жылында өз бетінше білімін жетілдіру және біліктілікті арттыру мақсатында психологиялық курс оқытылды.

9-11 сынып оқушыларына мамандық таңдауға байланысты «Бейім» әдістемесі, «Қызығушылық картасы», «Ойлау типі» әдістемесі және Дж. Голландтың мамандық таңдауға дайынсың ба? сауалнамасы жүргізіліп, сынып жетекшілеріне және ата-аналарына топтық кеңестер жүргізілді.

Лессон стади бойынша 9 ә сыныбындағы оқушылардың ойлау деңгейлерін және типтерін анықтап, пән мұғалімдеріне ескертілді.

Жеке зерттеулер 5-11 сынып оқушыларына жүргізіліп, анықтау жұмыстары жүргізілді.

Үлгерімі төмен оқушылардың тізімдері анықталып, оқушылардың жалпы ойлау қабілеттерін және пәндерге қызығушылықтары туралы анықтау жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың әскери есепке қою үшін жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Эмоционалдық тұрақсыз жоғары көрініс беретін оқушымен жеке жұмыс жүргізілді. Оқушылардың темперамент типтері анықталып, жеке мінездемелер берілді.

**Профилактикалық бағыты бойынша** атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, биылғы жылы ата-аналарға педагогикалық – психологиялық қолдау мақсатында «Баланың бас ұстазы – ата-ана» және «Боламын деген баланың бетін қақпа» тақырыптарында сынып жетекшілермен бірлесіп позитивті сабақтар өткізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын-алуға байланысты және буллингтің алдын-алу мақсатында оқушыларға психологиялық кеңестер, видеороликтер көрсетіліп, жиналыстар жүргізілді. Анонимді сауалнамалар жүргізілді. «Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылық және бейбітшілік қағидаттары»

тақырыбында ата-ана, оқушы және мұғалімдер арасында пікірталас өткізілді.

«Жасөспірімдік кезеңдегі суицидтік әрекет себептері» тақырыбында ата-аналар жиналысында баяндама оқылып, психологиялық кеңестер, жаднамалар таратылды.

Балаларды маскүнемдіктен қалай қорғауға болады?, баланы есірткіден қалай қорғауға болады? және мінез-құлқындағы өзгерістер туралы туындайтын мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Досбол лайк» акциясына байланысты челленджер ұйымдастырылды. 7-8 сыныптар өздерінің достық қарым-қатынастарын түрлендіріп, сынып жетекшілермен және мектеп мұғалімдерімен бірге досбол лайк тақташалар жасап шығарды. Өз ойларымен, ойындарымен бөлісті.

**ЛУДОМАНИЯ** –қоғам дерті тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Жалпы оқушыларға түсіндірме және өмірде адамға психологиялық әсерлерін атап көрсетіп, лудоманияның түрлерін көрсетіп, түсіндірілді.

Мектеп педагогтарымен «кәсіби іс-әрекеттегі күйзелістік жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктері» психологиялық ағарту және психологиялық алдын-алуға байланысты тренинг өткізілді.

**Түзету-дамыту бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар :**

Тәуекел топтағы өз өзіне сенімсіз, агрессияға бейім оқушыларға және отбасылық қолдау қажет ететін, жалғыздық сезінетін, бағаға қатты көңіл бөлетін, қарым-қатынаста төмен көрсеткіші бар, үлгерімі төмен оқушыларға және ата-анасының қамқорлығын қажет ететін оқушыларға психологиялық қолдау және жаттығулар топпен жүргізілді:

- «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» , 7-8 сыныптар
- «Менің құқықтарым» жаттығуы, 7-9 сыныптар
- «Жаңбыр жауып тұрғанда мен... туралы ойлаймын» жаттығуы , 9-11 сыныптар
- «Ой, сезім, мінез-құлық» тренингі, 7 сыныптар
- «Реніштен арылу» тренингі, 10-11 сыныптар
- «Сенің маған ұнайтын қасиеттерің...» жаттығуы, 7-8 сыныптар

**Мемлекеттік емтиханға дайындау** мақсатында 11 сынып оқушыларына өткізілген сабақтар мен ойын-жаттығулар:

- «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»
- Емтихан кезінде стресстен қалай арылуға болады?
- «Сенімділік»,
- «Емтиханға дайынсыңба?»
- «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі»
- «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік»
- «Моральдық тұрақтылық» тесті
- «Эмоция және мінез-құлық» жаттығуы.
- Емтиханға психологиялық әзірлену
- Тренинг «Өз жұлдызыңды тап»
- «Шынымды айтсам» жаттығуы т.б психологиялық жаттығулар жүргізілді.

#### **Кеңес беру бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар.**

Ата-аналар жиналысында «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді.

Жоғары сыныптар бойынша тәуекел топ бойынша қызыл деңгейдегі 9 сынып оқушысымен кеңес беру, жеке әңгімелесу жұмыстары жүргіліп отырды.

Отбасылық қарым-қатынасты анықтау барысында оқушының жақындарымен психологиялық кеңес беру, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Суретте оқушының толық емес отбасы екені байқалады. Көбіне өткен өмірін ойлайды. Отбасына қарсы агрессиясы бар екені анықталды.

Сынып жетекшісі оқушының сабақтан қалмауын үнемі қадағалап отырды, жағымды ахуал туғызуға, көңіл-күйіне байланысты көңілді топтық жұмыстарға қатыстырып отырды; мектеп іс-шараларына, үйірмелерге қатыстырылды.

Аз-қамтылған 5-6 сынып оқушылары (А.Г., А.Е) үнемі бойы бақылауда болды.

Оқушылардың үй –тұрмыстық жағдайына байланысты жеке жұмыстар және топтық жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшіге ескертіліп, бақылауда және кеңестер арқылы көңіл-күйін анықтап, жеке қолдау көрсетілді.

Жалпы ата-аналарға лудоманияға байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға кеңестер берілді. Барлық кеңес беру, жеке әңгімелесу, қолдау жұмыстары жеке және топтық психологиялық кеңес беру журналына өз уақытында тіркеліп отырды.

Мектеп педагог-психологы:

О. Мамадалиева





















**ЕРЕКШЕ ЕБІЛМДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН ҮЙДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН  
ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАҢЫ ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАП  
СИЛЫҚТАР БЕРІЛДІ**

